

"Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 6 қаулысы. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 264 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.10.2025 № 264 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.А. Мусинова):

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 226 қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. Б. Сматлаевқа жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы "11" қаңтардағы
№ 6 қаулысына қосымша

"Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқарма) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтуды үйлестіру саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарма, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса.

6. Басқарма өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Киевская көшесі, 1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен басқарманың өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілерді басқаруға кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері және өкілеттіктері

13. Міндеттері:

- 1) нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздықты қысқарту, жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу;
- 2) халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру ;
- 3) мүгедектерді оңалту бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 4) заңнамада белгіленген құзыреті шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында, халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 5) заңнамада белгіленген құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқығы:

Басқарманың функционалдық міндеттерін жүзеге асыру үшін облыстық, қалалық және аудандық атқарушы органдардан, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардан қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды белгіленген тәртіппен сұрауға және алуға;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің және басқа да мемлекеттік мекемелердің, ұйымдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыруға;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттық материалдар дайындауға; әлеуметтік қорғаудың тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық мақсаттағы объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2) Міндеттері:

бюджет қаражатының уақтылы және нысаналы игерілуін қамтамасыз етуге; жүктелген функцияларды орындауда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге;

Басқарма қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің этикасын сақтауды қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

15. Функциялар:

- 1) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды жүргізеді;
- 2) халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) кәсіпкерлік бастамашылықты дамыту арқылы жұмыс орындарын құруды қолдайды;
- 4) кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесуді жүзеге асырады;
- 5) жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау көрсету;
- 6) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде не квотадан тыс корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс берушілерге өз аумағында және (немесе) басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беру немесе ұзарту, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұру және кері қайтарып алады;
- 7) ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, жұмыс орындары санының екі-төрт пайызы мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу мониторингін жүзеге асырады;
- 8) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеудің мониторингін жүзеге асырады;
- 9) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеудің мониторингін жүзеге асырады;
- 10) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеудің мониторингін жүзеге асырады;
- 11) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингін және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тиісті мәліметтерді ұсынуды жүзеге асырады;
- 12) халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметіне Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын сақтау бойынша қызметті үйлестіреді;
- 13) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерге мониторинг жіргізеді;
- 14) жұмыс күшіне қатысты бөлігінде сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды, өңірдің еңбек нарығының жай-күйі туралы жергілікті атқарушы органдарға және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға хабарлайды;

15) мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалар және аумақтарды дамыту бағдарламалары, сондай-ақ жекеше сектор бастамалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда сұранысқа ие мамандықтар бойынша ағымдағы бос орындар және құрылатын жұмыс орындарының болжамы туралы әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің дерекқорын қалыптастыруға қатысады;

16) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

17) жергілікті атқарушы органдардың білім мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінен, білім жөніндегі ұйымдардан, кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру қызметіне құқығы бар ұйымдардың жанындағы оқу орталықтарынан түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, оқыту жүргізілетін кәсіптер (мамандықтар) туралы және нақты кәсіптер (мамандықтар) бойынша даярланған және даярлау жоспарланып отырған және бітіріп шығатын мамандар саны туралы ақпарат сұратады;

18) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстарды жергілікті атқарушы органдарға енгізеді;

19) жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту қатері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады;

20) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

21) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тиісті аумақтарды қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыруға арналған өңірлерге жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

22) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың алдағы жылға өңірлік квоталарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

23) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

24) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, еңбекші көшіп-қонушыларды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

25) этникалық қазақтардан қандас мәртебесін беруге немесе ұзартуға өтінішті қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;

26) этникалық қазақтардан қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтінішін қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;

27) қандас мәртебесін беру немесе ұзарту туралы шешім қабылдайды;

- 28) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды;
- 29) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды
- 30) қандас куәлігін береді;
- 31) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтарын, уақытша орналастыру орталықтарын құрады және олардың қызметін ұйымдастырады;
- 32) шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама береді;
- 33) Ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруына арналған рұқсаттардың қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтінішхат береді;
- 34) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдерде тұратын этникалық қазақтардың арасынан туыстарын Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатында қоныстандыру үшін шақыруларын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қарайды және куәландырады;
- 35) өз құзыреті шегінде босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 36) пана іздеген адамның куәлігін береді;
- 37) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асырады;
- 38) босқын куәлігін береді;
- 39) пана іздеген адамдардың және босқындардың тізімдерін қалыптастырады және ай сайын уәкілетті органға, ұлттық қауіпсіздік органдарына және ішкі істер органдарына жібереді;
- 40) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссияларды құрады;
- 41) пана іздеген адамдар мен босқындар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 42) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды есепке алу және тіркеу, куәліктер беру және оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 43) жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 44) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 45) жергілікті бюджет қаражатынан қосымша әлеуметтік төлемдер көрсету мәселелері бойынша жұмысты үйлестіреді;

46) жеке оқу жоспары бойынша мүгедектер қатарындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

47) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

48) жеке және заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

49) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін, өз қарамағындағы субъектілерді құруды және олардың қызметін, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсетуді, халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;

50) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

51) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шараларды қабылдайды;

52) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің қосымша көлемін көрсетудің тізбесі мен тәртібін әзірлейді және оларды облыстың жергілікті өкілді органдарының бекітуіне ұсынады;

53) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастырады;

54) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құрады;

55) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шараларын ұсынады;

56) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарды құруға ықпал етеді;

57) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастырады;

58) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі мамандарды, оның ішінде ымдау тілі мамандарын, Брайльдің бедерлі-нүктелік қарпі бойынша оқитын және жазатын мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

59) осы Заңға сәйкес тиісті аумақта әлеуметтік, кәсіптік оңалтудың орындалуын ұйымдастырады;

60) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың және мүгедектігі бар балалардың санаторийлік-курорттық емделуін, мүгедектігі бар баланы санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдің санаторийлік-курорттық ұйымда болуын қамтамасыз етеді;

61) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

62) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мүгедектігі бар адамдар арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

63) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мәдени-көпшілік және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

64) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмектің көрсетілуін үйлестіреді;

65) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес басқарма қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты ұйымдардың директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты ұйымдардың директорларын көтермелейді және тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

3) Басқарма актілеріне қол қояды;

4) Басқарманың бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Басқарманың мүдделерін білдіреді, басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Басқарма мүддесін білдіруге сенімхат береді;

6) ерлер мен әйелдердің жұмыс тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

8) Басқарманың барлық қаржылық құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие ;

9) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Басқарма басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік Шығыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Өскемен балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Бозанбай арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Зимовьево арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Риддер арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Зевакино арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Первомайка арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Самар арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Серебрянск арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Тарбағатай арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Өскемен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Уба" шипажайы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Алтай ауданының Грехово кентінде мүгедектерге арналған оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.